

# Тақырып 5. Мемлекеттік басқарудың қағидалары

## Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Мемлекеттік басқарудың қағидалар түсінігі.  
Түрлері
2. Мемлекеттік басқару қағидаларын жүйелеу  
негіздері
3. Мемлекеттік басқару қағидаларын  
қолданудың тиімділігі

# Сұрақ 1. Мемлекеттік басқарудың қағидалар түсінігі. Түрлері

- **Мемлекеттік басқарудың қағидалары**- бұл ғылыми негізделген және заңды бекітілген ережелер, оларға сәйкес мемлекеттік басқару жүйесі қалыптасып, әрекет етеді

Олар:

- а) билік ету және мемлекеттік басқарудың маңызды, қажетті заңдылықтары мен қатынастарын сипаттайды;
- б) неғұрлым тұрақты байланыстарды сипаттайды;
- в) жалпы сипатқа ие, тұтас басқаруға қатысты қатынастарды қамтиды.

Сондықтан, мемлекеттік басқару қағидаларының айрықша қасиеттері – **диалектикалық және жүйелілік**

## **М.Вебер** мемлекеттік басқарудың мынадай қағидаларын атап өтеді

1. еңбек бөлінісі (білікті кадрлардың пайда болуын қамтамасыз етеді);
2. басқару деңгейлерінің иерархиялылығы;
3. міндеттердің біртектілігін қамтамасыз ететін ережелер мен стандарттардың болуы;
4. субъективті қателіктердің болуын төмендететін ресми тұлға ролінің тұлғасыздығы;
5. жұмысқа біліктілік талаптарына қатаң сәйкестікте қабылдау

М.Вебермен ұсынылған қағидалар тізімін кеңейте отырып, Г. В. Атаманчук қағидалардың келесі түрлерін анықтайды:

1. Объективтілік;
2. Демократизм;
3. құқықтық реттілік
4. Заңдылық;
5. Федерализм;
6. биліктің бөлінуі;
7. бұқаралық

## Н.М.Добрынин болса мемлекеттік басқару жүйесінің қалыптасу және қызмет етуінің үш түрлі қағидаларын бөліп қарастырады

<b>жалпы жүйелік (іргелі, базистік)</b>	демократизм, құқықтық негізділік, мақсаттылық, заңдылық, биліктің бөлінуі, бұқаралық, өзара толықтыру, субсидиарлық, вертикалды иерархиялылық, өкілеттіктердің баланстылығы, гомогенділік, федерализм, мемлекеттік басқару теориясы мен тәжірибесінің бірлігі
<b>элемент бойынша (құрылымдық)</b>	еңбектің мамандануы және бөлінуі, қызметтерді бөлу және бекіту, бірауыздылық, коллегиялылық, ақпараттық қамтамасыз ету, бақылау көлемі, мемлекеттік биліктің таралу қағидасы
<b>жүйеішілік</b>	мемлекеттік қызмет персоналын басқару, эмоционалды нейтралдылық, біліктіліктің сәйкестігі, тиімді де рационалды басқарушылық іс-әрекетті ынталандыру, лауазымды нұсқамаларда құқықтар мен міндеттердің жіктелуі

Мемлекеттік басқару қағидаларын анықтауда **қазақстандық зерттеушілер** жоғарыда келтірілген қағидалармен қатар мынадай қағидаларды ұсынады

- - ажырамастық (біртұтастық) қағидасы;
- - басқарудың мемлекеттік механизмінің болуы;
- - өңірлерге көмек көрсетудің іріктеулілік қағидасы;
- - әлеуметтік тараптарды теңестіру басымдығы;
- - мультипликативтілік қағидасы;
- - жүйелік сипаттан туындайтын стратегиялық мүдделерді анықтау қағидасы, яғни мемлекеттік басқарудың бағдарламалы-мақсатты әдістерге бағдарлануы

# «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V Заңы

## 4-бап. Мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттары

- 1) заңдылық;
- 2) қазақстандық патриотизм;
- 3) мемлекеттік биліктің заң шығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлінуіне қарамастан, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы;
- 4) азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдығы;
- 5) мемлекеттік органдар қызметіндегі тиімділік, нәтижелілік, ашықтық;
- 6) азаматтардың мемлекеттік қызметке қол жеткізуге тең құқығы;
- 7) азаматтардың мемлекеттік қызметке кіруінің еріктілігі;
- 8) мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі;
- 9) **меритократия** – мем.қызметшінің жеке сіңірген еңбектері мен жетістіктерін мойындау, оны қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бабында ілгерілету;
- 10) жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз өкілеттіктері шегінде қабылдаған шешімдерді орындаудың бағынысты мемлекеттік қызметшілер мен төмен тұрған мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері үшін міндеттілігі
- 11) мем.қызметшілердің бақылауда болуы және есептілігі;
- 12) мем. қызметшілердің лауазымдық міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны және өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны үшін жеке жауаптылығы;
- 13) әдептілік;
- 14) құқық бұзушылықтарға төзбеушілік;
- 15) мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметті қоспағанда, қоғамдық пікір мен жариялылықты ескеру;
- 16) мем.қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы;
- 17) мәні бірдей жұмыстарды орындағаны үшін еңбекақыны тең төлеу;
- 18) мем.қызметшілерді лауазымдық міндеттерін үлгілі атқарғаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін көтермелеу;
- 19) мем.қызметшілерді оқытудың және қажетті құзыреттерін дамытудың үзіліссіз болуы;
- 20) мем.қызметшілерді даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың практикалық бағдарлануы

# Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың конституциялық қағидалары:

1. Мемлекеттік биліктің біртұтастығы;
2. заңдылық;
3. Мемлекет мүдделері алдында азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің басымдығы;
4. Азаматтардың теңдігі;
5. Қоғамдық пікірді ескеру және жариялылық;
6. Территориалық-салалық;
7. Мемлекеттік басқаруда орталықтану мен орталықсыздандырудың үйлесімділігі;
8. Халықаралық ынтымақтастық.



Қазіргі таңда мемлекеттік басқару қағидалары қайта қаралуда. Осы тұрғыдан, Елбасы Н. А. Назарбаев былай деген: «**Біз мемлекеттік басқарудың сапалы жаңа моделін құраймыз. Онда мемлекеттік қызметтердің тұтынушыларына басты назар аударылады. Мемлекеттік аппарат үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, корпоративті басқару, транспаренттілік және қоғам алдында есеп беру қағидаларында әрекет етуі тиіс**».

# «Әкімшілік рәсімдер туралы»

## ҚР 2000 жылғы 27 қарашадағы N 107 Заңы

### 3-бап. Әкімшілік рәсімдерді белгілеу қағидаттары

- 1) заңдылық;
- 2) төменгі мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдарға бағынуы;
- 3) заң мен сот алдында баршаның теңдігі;
- 4) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы, азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарау кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу;
- 5) әкімшілік рәсімдерінде көзделген іс-әрекеттер мен актілердің барлық азаматтар, ұйымдар мен лауазымды адамдар үшін міндеттілігі;
- 6) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өзара жауапкершілігі мен мүдделерінің теңбе-тең болуы;
- 7) мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңдарды қатаң сақтай отырып, қоғамдық пікір мен жариялылықты ескеру;
- 8) мемлекеттік биліктің беделін қолдау мен ҚР беделін түсіретін және мемлекеттік қызмет мүдделеріне қайшы келетін іс-әрекеттерге жол бермеу, соның ішінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру, мемлекеттік қызметшілер үшін заңдарда белгіленген тыйымдар мен шектеулерді қатаң сақтау;
- 9) барлық деңгейдегі мем. органдар үшін әкімшілік рәсімдер талаптарының бірыңғай болуы;
- 10) барлық мем. органдар мен мемлекеттің лауазымды адамдары құзыреттерінің аражігін айқын межелеу және олардың келісе отырып жұмыс істеуі;
- 11) үнемділік пен тиімділік қағидаттары

## Сұрақ 2. Мемлекеттік басқару қағидаларын жүйелеу негіздері

Мемлекеттік басқару қағидаларын жүйелеудің **алғашқы негіздемесі** – мемлекеттік басқару жүйесіне тән жалпы заңдылықтар, қатынастар мен процестерді бөліп қарастыру, мемлекет пен қоғам қатынастарының нығаюын қамтамасыз ету. Мұндай заңдылықтар мемлекеттік басқарудың **жалпы жүйелік қағидалары** деп аталады.

Мемлекеттік басқару қағидаларын жүйелеудің **екінші негіздемесі** мемлекеттік басқарудың онтологиялық элементтерінің топтары ұйымдастыратын заңдылықтарды талдау және ғылыми сипаттаумен байланысты.

Оларды мемлекеттік басқарудың құрылымдық қағидалары ретінде қарастыруға болады.

Мемлекеттік басқару қағидаларын жүйелеудің **үшінші негіздемесі** – мемлекеттік басқарудың түрлі ішкі жүйелерінде (территориялық, салалық, функционалдық) қандай да бір басқарушылық элементтерді ұйымдастырудың уникалды заңдылықтарына ие болуы мүмкін.

Мысалы, келесі қағидаларды атап өтуге болады:  
мемлекеттік қызмет, басқару персоналымен жұмыс жасау,  
мемлекеттік басқарудың ақпараттық қамтамасыз ету,  
мемлекеттік басқаруды технологияландыру, әкімшілік  
процесс қағидалары және т.б.

## Сұрақ 3. Мемлекеттік басқару қағидаларын қолданудың тиімділігі

- *Мемлекеттік басқару қағидаларын тиімді қолдану мемлекеттік билік органдарының біртұтастығы, келісімділігі, сенімділігіне қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс*

Оған келесі **алғышарттар** арқылы ғана қол жеткізуге болады:

- біріншіден, мемлекеттік басқару заңдылықтары, қатынастары мен өзара байланыстарын, олардың мазмұнын тұрақты әрі тереңнен зерттеу;

- екіншіден, мемлекеттік басқару қағидаларын қолдану тетігін үздіксіз жақсарту. Оған басқару теориясы мен практикасының бірлігі, мемлекеттік басқаруды жетілдіру арқылы қол жеткізуге болады;

- үшіншіден, мемлекеттік басқару қағидаларының іске асырылуын қамтамасыз ететін ынталар, кепілдіктер мен қорғаныс құралдарының болуы.

# "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 612 Қаулысы

Қазақстан  
Республикасының  
мемлекеттік басқару  
жүйесін  
дамытудың негізгі  
**қағидааттары** мен  
тәсілдері:



- соңғы нәтижеге бағдарлау және мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру (аз ресурстар шығындармен берілген нәтижелерге қол жеткізу);
- басқару жүйесінде (әкімшілік рәсімдер ұйымдастыру және басқарушылық шешімдер қабылдаған кезде) барынша ікемділікті пайдалану және жаңа, оның ішінде, түлкі коммуникациялық технологияларды енгізу;
- қызметте жоғарылауды байланыстыру, мақсаттарға қол жеткізу және тиімділікті көтеру жөніндегі нәтижелер деңгейелі бірге ресурстар мен сыйақыларды бөлу;
- мемлекеттік құпиялар туралы заңнама талаптарын ескере отырып қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдары үшін мемлекеттік аппарат қызметінің ашықтығы (айқындылығы)





## «100 нақты қадам»

# ҚР Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы

Н а қ т ы  
қ а д а м

### I. КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ҚҰРУ:

1-қадам. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ РЕСІМДЕРІН ЖАҢҒЫРТУ.

2-қадам. Төменгі лауазымдарға кандидаттарды реттеу және одан әрі лауазымдық өсу іскерлік қасиеттер негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

3-қадам.. Үш сатылы іріктеу жүйесін енгізу.

4-қадам. 3+3 формуласы бойынша мемлекеттік қызметке бірінші рет қабылданушылар үшін міндетті түрде сынақ мерзімі .

5-қадам. Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын қызметінің нәтижесіне байланысты өсіру.

6-қадам. Еңбекақыны нәтиже бойынша төлеуге көшу.

7-қадам. Мемлекеттік қызметкерлердің лауазымдық еңбекақыларына өңірлік үйлестіру коэффициенттерін қосу

8-қадам. Ауыстырылатын мемлекеттік қызметкерлерге лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде оларға жекешелендіру құқығынсыз қызметтік пәтерлерді міндетті түрде беру.

9-қадам. Мемлекеттік қызметкерлерді тұрақты түрде оқыту жүйесін заңды түрде бекіту – 3 жылда бір рет олардың кәсіби шеберлігін арттыру.

10-қадам. Мемлекеттік қызметкерлерді мансаптық жоғарылату үшін конкурстық негізге көшу.

11-қадам. Шетелдік менеджерлерді, жекеменшік сектордың жекелеген мамандарын, халықаралық ұйымдардың қызметкерлері болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтарын мемлекеттік қызметке жіберу.

12-қадам. Жаңа этикалық ережелерді енгізу.

13-қадам. Жемқорлыққа қарсы күресті күшейту,

14-қадам. Барлық мемлекеттік органдарға, оның ішінде құқық қорғау органдарының барлық қызметкерлеріне қатысты мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылдау.

15-қадам. Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін іс басындағы мемлекеттік қызметкерлерді кешенді аттестаттаудан өткізу, кәсіби талаптарды күшейту және еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу.

## **V. ЕСЕП БЕРЕТІН МЕМЛЕКЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

91-қадам. Мониторингтің, бағалау мен бақылаудың стандартталған және азайтылған ресімдері аясында мемлекеттік басқарудан нақты нәтижелер бойынша мемлекеттік басқаруға көшу.

92-қадам. Мемлекеттік жоспарлаудың ықшам жүйесін құру.

93-қадам. Аудит пен мемлекеттік аппарат жұмыстарын бағалаудың жаңа жүйесін енгізу.

94-қадам. «Ашық үкіметті» енгізу.

95-қадам. Мемлекеттік органдар басшыларының халық алдында стратегиялық жоспарлар және аумақтық даму бағдарламаларының маңызды көрсеткіштеріне қол жеткізілгендігі туралы жыл сайынғы ашық баяндамалар жасауларын және олардың есептерін ресми веб-сайттарда орналастыруды тәжірибеге енгізу.

96-қадам. Орталық мемлекеттік органдардың статистикалық базалары мәліметтеріне онлайн-қолжетімділікті қамтамасыз ету.

97-қадам. Өзін-өзі реттеу мен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту арқылы азаматтардың шешімдер қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейту. мемлекетке тән емес қызметтерді бәсекелестік ортаға және өзін-өзі реттеуші ұйымдарға беру.

98-қадам. Селолық округ, ауыл, село, кент, аудандық маңыздағы қала деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті енгізілетін болады.

99-қадам. Мемлекеттік органдар мен әкімдер жанындағы қоғамдық кеңестердің стратегиялық жоспарлар мен аумақтық даму бағдарламаларын; бюджеттерді, есептерді, мақсатты индикаторларға қол жеткізуді, арттыру.

100-қадам. Канададағы Canada Service және Австралиядағы Centrelink үлгісі бойынша мемлекеттік қызметтердің бірыңғай провайдеріне айналатын «азаматтар үшін үкімет» мемлекеттік корпорациясын құру.



**«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі жаңа моделінің тұжырымдамасы» ҚР Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 119 Жарлығы**

- Меритократия, тиімділік, нәтижелілік, транспаренттік және қоғамға есептілік қағидаттарына негізделген мемлекеттік қызмет жүйесін кәсібилендіру мемлекеттік басқару жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін және халыққа сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етудің аса маңызды факторы болып табылады
- Халықаралық практикада мемлекеттік қызметке кіру конкурстық негізде жүзеге асырылады, онда **меритократия қағидаты**, яғни жеке сіңірген еңбектері мен жетістіктерін мойындау негізгі қағидат болып табылады

